

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет Тақырыбы: «Түстер еліне саяхат»

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.12.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/147980/>**Абай облысы білім басқармасы****Аягөз ауданы білім бөлімінің****«Мектеп жанындағы интернаты бар****Ақши жалпы орта білім беретін мектебі» КММ****«Балауса» шағын орталығының тәрбиешісі:**

Айбек Ардақ Айбекқызы

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет**Тақырыбы: «Түстер еліне саяхат»****Мақсаты:**

- Балалардың түстер туралы түсініктерін толықтыру.

Міндеттері:

- Түстерді ажырата білуге үйрету;
- Дамытушы және дидактикалық ойындар арқылы балалардың сөздік қорларын, шығармашылық дағдылар, ойлау қабілеттерін дамыту;
- Тиянақты орындай білуге және толық жауап беруге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер:

Көрсету, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап, тәжірибе, жұптық жұмыс

Ұйымдастыру кезеңі

Балалармен шеңбер құрып тұрады.

Тәрбиеші: балалар көңіл-күйлерің қалай?

Балалар өз көңіл күйлерін сипаттайды.

Келіңдер балалар, ән салып, көңіл-күйімізді одан әрі бірге көтерейік!

Музыка: «Көңіл-күй»

Тәрбиеші: Көңіл-күйлерің тамаша екен. Мен сендерді «Түстер еліне» саяхатқа шақырамын. Саяхатқа барғыларың келе ме?

Балалар: әрине барғымыз келеді.

Тәрбиеші: Балалар, саяхатқа немен баруға болады?

Балалар: көлікпен, автобуспен, ұшақпен, атпен, поездьбен

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар балалар, біз бүгін поездьбен саяхатқа барамыз.

Қатар-қатар тұрайық,

Паравозды құрайық.

(Музыка паравоз дыбысы)

Негізгі бөлім

Балалар «Түстер еліне» келеді. **Сиқырыл музыка**

Түстер елінде барлық түстер шатасып кеткен екен. Сендер түстерді орындарына орналастыруға көмектесесіңдер ме?

Балалар: әрине, көметесеміз.

Бізде 4 түсті үстел берілген екен, әр үстелде әртүрлі тапсырмалар болады. Тапсырмаларды орындай отырып, түстер еліне көмектесетін боламыз. Онда тапсырмаларды бәріміз бірге орындайық.

1-үстел - Қызыл

Чемодандар - төрт түрлі чемадан берілген екен. Чемодандардың түсіне сай киімдерді жабыстыратын боламыз.

5минут

Балалардан жеке-жеке түстерді сұрау.

-Жарайсыңдар балалар.

2-үстел - Көк түсті-тәжірибе алаңқайы.

Банкадағы суға бояу қосып, рәмізіміз көк байрақты жасау.

Балалардың мынау ненің сурет?

-Тудың

-Тудың түсі қандай?

-Көк

Онда біз сендермен туды тәжірибе арқылы жасап көрейік. Сендерге банкадағы сулар берілген екен, туымыздың түсі шығу үшін қандай бояу қосамыз.

-Көк

Онда бірге тәжірибе жасап көрейік.

Жұптық жұмыс

Музыка: Көк тудың желбірегені

Сергіту сәті

«Бала, бала, балақан»

3-үстел -Сары- Кірпі қыстырғышпен

— Балалар мына жерде нелер тұр?

-кірпілер

-Дұрыс айтасындаркірпілер. Кірпілерге сендердің көмектерің керек, олардың инелері түсіп қалыпты. Қыстырғыштарды түстеріне сәйкес қыстыру арқылы кірпілерге ине жасап берейік.

Музыка кірпілер

4-үстел -Жасыл түс

Көбелектің қанатының түстеріне сай етіп, шарларды жапсыру.

Қорытынды кезең

— Балалар түстер елі сендерге алғыс айтып жатыр. Алғыс ретінде түрлі түсті кәмпіттерді сендерге сыйлыққа берді.

— Балалар біз тобымызға қайтайық.

Қатар-қатар тұрайық,

Паравозды құрайық.

(Музыка паравоз дыбысы)

Балалар біз қайда бардық?

Мақтау, марапаттау

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.